# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 23 (4684)
СУББОТА,
9 июня
2001 года

Газета издается с 1 мая 1963 года | ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ | ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


## В районном акимате

Состоялось заседание коллегии при акиме района, на котором были рассмотрены итоги отопительного сезона за 2000-2001 годы и задачи районного акимата по подготовке к новому осенне-зимнему периоду 2001-2002 годов.

В работе коллегии приняли участие акимы поселка и сел, руководители хозяйств, предприятий, учреждений и организаций. Открыл и вел заседание аким района Д.М. Кусаинов.

С подробной информацией по данному вопросу выступил заместитель акима района Б.Б. Кощегулов.

— В результате принятых организационно-практических мер аппаратом акима района, благодаря активному участию руководителей хозяйств и всего актива в прошлом году все объекты жизнеобеспечения работали в нормальном режиме и наш район среди сельских районов области по рейтингу за отопительный сезон занял третье место,— сказал Б.Б. Кощегулов. — В районе проведена система мер по оптимизации теплоснабжения и сейчас все объекты социальной сферы переведены на автономную систему отопления с применением твердого топлива, которая дала большой финансово-экономический эффект. В настоящее время построены и действуют на термосифонной основе котельные в 9-ти школах района. Из 31 котельной АСО на 4 объектах был проведен капитальный ремонт на сумму одного миллиона тенге, из них в 3 школах котельные были построены на термосифонной основе, в 12 котельных произведен средний ремонт, в остальных — текущий. Своевременно для каждого объекта было завезено 8335 тонн угля, в том числе с Куучекинского угольного разреза 6545 тонн и с ОАО "Шубаркульский разрез" 1840 тонн. Весь объем угля был перевезен Киевским АТП. Произведен ремонт водопроводной трассы в 0,2 км, теплотрассы 0,5 км, линий электропередач 62 км и в 2 подстанциях. Всего выполнен объем капитального ремонта на сумму 4,3 млн. тенге. В нормальном содержании объектов, обеспечении их теплом большую помощь оказывают руководители хозяйств ПК "Шахтерское" — Г.Г. Прокоп, ТОО "Пржевальское" — Э.Б. Таттыбаев, ТОО "Кайнар" — С.А. Ныгметов, ТОО "Жартас" — Д.О. Намысов, ТОО "Черниговское" — С.Н. Калденов и др.

Для нормального теплообеспечения 2001-2002 годов объектам бюджетной сферы необходимо 9094 тонны угля, из них 7354 необходимо вывести с АО "Борлы" и 1740 тонн с ОАО "Шубаркульский разрез". В текущем году будет произведен капитальный ремонт котельных в Кировской, Байтуганской, Нуринской и Баршинской средних школах. Планируется произвести капитальный ремонт тепловых сетей 0,2 км и водопровода 0,7 км.

Однако есть и проблемы, которые требуют своего решения — это устойчивое обеспечение сел и объектов энергоснабжением. Поэтому образована служба по сбору услуг в каждом населенном пункте, введены единицы контролеров, на заседаниях штаба заслушивается состояние сбора за услуги электроэнергии, проводится аналитическая работа о состоянии платежеспособности населения. В сборе услуг определенную помощь оказывают акимы поселков и сел района. За 5 месяцев отопительного сезона было собрано всего 24 млн. тенге. Однако есть еще ряд проблем по уменьшению технической потери, которые из-за отдаленности населенных пунктов в сельской местности превышают установленные нормативы. Не до конца проведена оптимизация сетей, не полностью произведена замена больших трансформаторов тока, не во всех КТП установлены счетчики, которые ведут к большим техническим потерям,— подчеркнул заместитель акима района.

Далее Бекет Бекпаевич остановился на вопросах обеспечения устойчивой телефонной связи и состояния дорог.

— Прошедшая зима еще раз показала, что в этих делах есть существенные недоработки: не было устойчивой связи, отсутствовало дорожное сообщение. Благодаря активному участию в расчистке снежных заносов хозяйствами района мы избежали несчастных случаев на дорогах района,— сказал он.

В соответствии с рекомендациями коллегии принято решение акима района по подготовке к новому осенне-зимнему периоду 2001-2002 годов, обеспечению населения электроэнергией, устойчивой телефонной связью и нормальными дорогами.

На заседании коллегии состоялся обмен мнениями по текущим делам, даны ответы, разъяснения на поставленные вопросы.

Вел заседание и руководил работой коллегии Д.М. Кусаинов — аким района.

**Соб.инф.**

*В РАЙОННОМ МАСЛИХАТЕ*

## Внесены изменения

24 мая состоялась внеочередная сессия районного маслихата по вопросу внесения изменений и дополнений в решение сессии от 10 января 2001 г. за № 2 "О районном бюджете на 2001 год", в работе которой принимал участие аким района Д.М. Кусаинов, присутствовали заместители акима, руководители организаций и предприятий.

Повестка дня включала единственный вопрос – распределение текущих трансфертов областного бюджета в сумме 4400 тысяч тенге по целевому назначению, которые решением сессии были распределены: на приобретение спортинвентаря общеобразовательным школам для развития массового спорта – 2400 тысяч тенге и спортивной школе - 2 миллиона тенге. Кроме того, поступило предложение секретаря районного маслихата Т.Р. Рахимбекова об индивидуальном подходе распределения денег школам, учитывая их базовое направление (борцовский зал, волейбол, баскетбол и т.д.), что было одобрено депутатами.

По всем другим вопросам, касающимся бюджета, а именно, приобретения домбр для оркестра, угля отделу культуры, ремонта крыши КСШ № 3 и т.д., дал свои разъяснения Н.А. Баранов, заведующий райфо. Дал он исчерпывающий ответ и на самый острый вопрос сегодняшнего дня – по программе борьбы с туберкулезом, объясняя, что программа эта областная и в местном бюджете не предусмотрены средства по данной специфике. Одновременно Николай Анатольевич предложил руководителям хозяйствующих субъектов самим изыскать возможность в помощи здравоохранению по данной проблеме, как это уже сделали пржевальцы, что также было поддержано присутствующими.

На этом внеочередная XII сессия, проводимая депутатом М. Бакмагамбетовым, завершила свою работу.

**Н. ШЕВЧЕНКО.**

*АУЫЛ: КІШІ ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС*

## ҚАЙТА ТҮЛЕГЕН БАЛЫҚТЫКӨЛ

Ол Астанадан көңілді оралды. Тіптен қыс қаһары мен жол бейнеті әсер етпеген сияқты. Мәре-сәре боп қуанысып қалған отбасына елордадан әкелген базарлығын таратып, мауқын басты. Дастархан жасалғанша теледидарды салып, біраз жаңалыққа үңілді. Әйтсе де алаулаған жүрекке байырғы ауыр мінезі басу бола алмады. Көзалдынан қысқа мерзімде көркі көз тартып құлпырып сала берген еліміздің бас қаласы кетпей қойды. Ол мұнда алғаш келгені емес, жиі болады. Бірақ, ақыл алтау, ой жетеу боп іссапармен жүргенде бәрін бірдей бағамдап көңілге түю мүмкін бе?! Ал бұл жолғы келісі тіптен бөлек-тін...

Балықтыкөл атына заты сай өзі аттас аумақты көлді сағалаған кіші-гірім малды ауыл. Бүгінде көркі оның бәз баяғы қалпына әлі де келе қоймағанымен Қалиев Бабайға бәрі бір ыстық көрінеді. Осы жерде бал балалығы өтті, мектепте оқып спортпен аты да шықты. Ол кезде 40 мыңға тарта ақтылы қой өрбітіп, үйір-үйір жылқы ұстап еді. Ақшаңқан біркелкі үйлер бой түзеп, екі қабатты ғимараттар да пайда болды. Айтпақшыдай, осына құрылыстардың бастау шеруіне егемен еліміздің тұңғыш Президентінің тікелей қатынасы бар. Былтыр ауылдың 35 жылдығына орай Нұраға жетекшілік етіп, студенттердің құрылыс отряды тұрғызған көшеге арнайы тақта ілінді. Әлбетте, мектептегі тәрбие ісінде пайдаланып, үлкенді-кішілі жиындарда балықтыкөлдіктер мұны мақтанышпен паш ететін. Ал қазір, несін жасырады, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев есімі ерекше ілтипатпен аталады.

Ой ойды жалғайды, өткенің мен болашақты ұштастырады. Бірақ, уақыт тығыз, заманның ағымы қатты. Онымен ілесе жүрмесең, санаса білмесең, көш соңында қаласың. Бабай Нұрмақұлы ұшқыр ойлы, өткір мінезді іскер азамат. Содан да кешегі күн қиындықтарын сыпырып тастап, кеңсеге асыққан. Ал ол былтырдан бері жаңа орында. Шағын шаруашылықтың аздаған әкімшілік қызметкерлеріне бұрнағы атшаптырым ғимарат артық көрінген. Сол себепті оны ауыл әкімінің қарамағына беріп, көптеген игі істердің қайнар көзіне айналдырған. Әлбетте, оның асыққанын ауылдастары біле тұра ескергісі келмеді. Асыға тосып, жаңалық күткен қайсыбірі кес-кестей берді.

- Бәке, келуіңмен!

- Бабай, Астана тынысы қалай?

- Иә, иә, көріктеніп пе?

- Жиындарың жақсы өтті ме?

- Ауылға, ауыл адамдарына нендей қамқорлық делінуде?

Не керек, шәужайдан алып, жүре сөйлескендер кеңсеге дейін Бабай Нұрмақұлын шығарып салғанды. Сонда осылардың бәрі бірдей "Мерей" шаруа қожалығына қараса екен. Мұнда заңды мүшелікте, әзірше тек 86 адам ғана. Болашақ кеңейер, үлкейер деген сенім бар. Алайда осы ауылды ауыл қып отырған осына Бабай Қалиев басқаратын "Мерей" боп тұр. Демек, балықтыкөлдіктердің оның аяқ алысына, іс-қимылына үмітпен қарауының несі артық?!

Кеңсе алдына ертемен басқа адамдар да жинала қалған екен. Бірақ, Бейбіт Шөкенбаев дес бермей, бастығын екінші қабатқа асықтыра ала жөнелді. Бұл "Мерейдің" бас есепшісі. Кәсіби қызметіне мығым, ана тіліне жетік, жан-жақты азамат. Бұлар бөлмеге кіргені сол, ауыл әкімі Нұралы Намысовта жетті. Әрине, Астанадан оралған төрағадан еліміздің жалпы жағдайына қанығып, қойылған міндеттерді саралау, даусыз, өз алдына бір бөлек. Әйтсе де, әділі керек, бұл олардың қашанғы әдеті, ұйымдастыру-басқару тәсілі. Дегенмен, әңгіме Астанадан, Бабай Нұрмақұлы қатынасқан үлкен кеңес-жиыннан қорытылған көзқарастан басталып кетті. Ал, кәсіпкерлердің егемен еліміздің он жылдығын атап өткелі отырғанда Елордада бас қосу, ой бөлісіп, пікір алмасуы сәтті өтті, пайдалы болды. Жер жерден өкілетті өкілдік алып келген әріптестер көп нәрсеге көздерін ашып, өзгеше қарайтындай әсер алды. Шынында күнделікті кикілжің күнкөрісте кей мәселенің тереңіне барып, ретімен шеше білмейді екенсің. Тіптен Президент қойған белгілі тапсырыстарды орындау амалдарына, экономиканы көтеру жолдарына, ауылдың көркін, әлеуметтік ахуалын көтеру барысына есеппен, талдаумен, терeңдікпен келудің оңтайлы, әр ұжымға тиімді тұстары да ашылып еді. Осыдан барып үштіктің бұ жолғы отырысы көпке созылды.

"Мерей" бұрнағы "Балықтыкөл" қой совхозы банкротқа кеткен соң өмірге келген шағын шаруашылық. Алдарына салған 2 мыңнан астам қой-ешкі мен азынаулақ жылқы бар. Бірақ, бұларға жайылым-суат мол. Жаз бойғы негізгі науқан сол, пішен дайындау. Былтыр тек қана қожалық мүшелеріне 500 тоннадай сапалы шөп таратылды. Одан қалды 2-2,5 мың гектардай дәнді дақылдар себетін аңызы бар. Әлбетте, барынан жоғы көп ұжымның бастапқыда осына барлы-жоқты байлық көзін дұрыс ашып іске қосуға, айналымға кіруге шама-шарқы келе қоймады. Себебі техникалық базасы өте төмен еді. Барының өзі өнімсіз ескі-құсқы ауыл шаруашылығы машиналары болатын. Бұл жерде жедел түрдегі күрделі бетбұрыссыз істің алға басары екі талай еді. Міне, осы тұста Бабай Нұрмақұлы қатты болса да, ауыр тисе де шамалы уақыт ұжым болып белдікті қынай қысуды, әркімнің жеке басына деген шығынды мейлінше азайтуды ұсынды. Және мұнсыз техникалық жаңарудың ауылы алыс екенін, ал онысыз шаруаны көтерудің жеңіл жолының жоқ екенін түсіндірді. Нәтижесінде, бұрынғы тозығы жеткен газавтокөліктері мен МТЗ, Т-40 маркалы доңғалақты тракторлар санын мейлінше азайтуға қаржы көзі ашыла бастады. Бұлардың қайсыбірін саудаға салса, енді бірі қажет бөлшектерге айналдырылды. Әрине, негізгі ақша егін мен шөптен түскенін, айтпаса да белгілі. Сөйтіп, бір жыл үнеммен көрегендік, біліктілік арқасында 5 мың долларға тынымсыз тыныстап, ойға да, қырға да шапқылап тұрған ауыр салмақты жүк көлігі - КамАЗ, бір МТЗ тракторы (жаңа маркасы) сатып алынды. Құптарлығы сол, техникалық күрделі өзгерістермен ұштастыра кадрлар мәселесі де шешімін тауып жатты. Және бұрнағы бірнеше мамандықтың басы қосылып, бір ғана адамға жүктелді. Айталық, Шоқан Мырзағұлов әрі жабдықтаушы, әрі зоотехник, ал Қарағат Жумин болса, мотор және аппратура жөндеуші. Боса-моса былтыр үздік шығып, астына ат мінген Болат Аманжолов, Жұматай Ибрагимов, Зәрубай Нақышев сынды бесаспап механизаторлар науқан сайын темір тұлпар өзгертеді: бірде-тракторда, бірде-комбайнда.

Иә, жас келсе іске деген. Және ол алымды, ақылды, ұқыпты болса, құба-құп емес пе. Бірде "Мерейлік" парасатты бір азамат өз ойын білдіріп еді. "Кейінгі жылдары бізге келгеннен кеткені жылдам талай-талай басшы болды. Әділі керек, тақыр жерге отырғызып кетті. Күніміз күн болар ма еді, әгәрда Бабай істі қолға алмағанда. Ауыл болып оған билік тізгінін ұста дегенде ашығын айтып еді. "Алайын, істейін, тек ақыл қосып, әудесе алатын болсақ. Демократия ақылсыздың даурықпасы емес, демократия заң шеңберіндегі бостандық, ол ақылдылықтың, мәдениеттіліктің, парасаттылықтың көрсеткіш деңгейі. Мен талап етемін, керек болса тәртіп бұзып, ортақ мүлікті сыртқа шашса, әкімшілік қатал жазаға да барам. Ымырашылдық арам ойлық емес, ынтымақтастық, мүдделілік деп таза ұғуымыз керек. Дана халқымыз "бірлік бар жерде, тірлік бар" деп тегін айтпаған. Бір кісідей жұмыла кіріссек, кез келгені өз міндетін адал атқарса, қиындық уақыт өлшемі, ертең-ақ жағдайымыз жақсарады", - деген. Айтканы келді, ауыл Бабайға мың да бір рахметін күнделікті білдіріп отырады. Қазір міне, өзіміздің шағын ғана диірменіміз бар. Осының арқасында нан зәрулігін таза ұмыттық. Және "Мерейдегілер" жалақы есебіне қалағанынша ала береді. Ал қыс бойы бос отырғандар тіптен шаруашылыққа қарыздар боп шығады. Не керек, ойшыл, білікті, іскер азамат деп түйгентін есімін атамауды сұраған сұхбаттасым.

Айтса айтқандай, ауылдың шырайы кіріп, еңсесін көтеріп қалыпты. Әсіресе жастарға жасалынып отырған қамқорлық құптарлық-ақ. Жұмыс тауып бермесе де, еңбек тәрбиесі мен дене тәрбиесіне, қазақи қызықты ойындарға соның ішінде жылқыға байланыстысына жақсы тарта білген. Ал сыртта оқуда жүргендерге де тұрақты көңіл бөлініп, байланыс үзілмейді. Осының бәрінде азды-көпті тиынтеңге қайтсе де шығып жатады. Одан бері де біреу ауырып, біреу сырқамай тағы тұрмайды. Осы орайда мынадай жәйтті де аша кеткеніміз жөн шығар. Былтырғы техникалық жаңаруда көзге түскен ерекше көлік ол "Волга" автомашинасытын. Бүгінде ауылдастар мұны қымсынбастан ортақ мүлікке қосқан. "Осының арқасында, - деген ауылдың бас дәрігері Гүлжаухар Мақатова өткен жылдан бері, әсіресе кешегі қаһарлы қыста қаншама аурудың, перзентханаға асыққан әйелдің сауабына батып, уақытылы дәрігерлік көмек көрсетілді. Қызығы алтынға бағаланатын жанар-жағар май да бірге беріледі. Ал Балықтыкөл мен Қаратал арақашықтығы баршаға белгілі. Сондай-ақ дәрі-дәрмекке де ақша көмегі көрсетіліп тұрады. Өзім жергілікті емеспін, бәлкім содан шығар Бабай Нұрмақұлының қайырымдылығы, адамгершілігі өте таңдандырады". Бұдан артық баға болар ма!?

Жаңа ғасыр қарлығашы-2001 жыл көктемі тым ерте келді. Ал Балықтыда ежелден ол өңірдің басқа жерлерінен сәл бұрын кіреді. Биыл "Мерей" шаруашылығы 2500 гектарға дәнді дақылдар сіңірмекші боп, дайындық сапын түзеп жүрген. Әдеттегідей кеңсеге келе қалған ауыл әкімі Нұралы Намысовты төраға қуана сөзге тартты.

- Нұреке, мына көліміз не болады? Әлде былтырғы күйін кеше ме?

- Жоқ, - деп үзілді-кесілді жауап қатқан табиғатынан шапшаң спорт шебері Нұралы Өмірқожаұлы.

- Сонда не істемек амал даяр? Рұқсат құжатты кезінде қағып алған қаланың құларына не істемексіз. Өзі қинайтыны балығын әкетіп жатқанынан гөрі, ластап-таптап, ойларына келгенін істеп жүргендері.

- Даяр амал тура осы тұста, Бәке. Ауданмен де келісем, өзімнің өкіміммен комиссия құрамын да дайындаймын. Дауылбай Мейрамұлы келем деп еді ғой.

- Иә, иә, оған да дайындалу керек. Жалпы жиналыста бәріміз де есеп береміз ғой. Бірақ, аудан әкімімен жеке орнықты сөйлесейік. Жиында айқай-шу боп кетуі мүмкін, - деп түйген тағы да бір мәселенің шешімін іздеген Қалиев.

Аудан әкімі Дауылбай Құсайынов көп кешіктірмеді. Ол әдеттегі құрамдағы қоршауымен көктемнің мамыражай күн шуағын ала Балықтыға сау ете қалды. Бірақ бұл жылма-жыл дала жұмыстарына дейінгі жер-жерде ашық әңгімеге тартатын жалпы жиналыстардың соңғысы, нүкте қойылар жерітін. Аудандық прокурор Берік Ахметов, салық орнының бастығы Тасыбай Құлмағамбетов, ауыл шаруашылығы министрлігінің Нұра аумақтық басқармасының бастығы Еркін Әрінов, оқу бөлімінің жетекші маманы Тәңірберген Дәрібаев, ішкі істер бөлімінің паспорт столі бастығы Жұмағали Ерниязов, халықты әлеуметтік қорғау бөлімі бастығының орынбасары Марал Рамазановалар залға сыймай, тайлы-таяғымен келген былықтыкөлдіктермен сұрақ-жауап арқылы ашық әңгіме-сұхбатқа кірісті. Міз бақпай екі сағаттан астам уақыт ой бөлісіп, көп жағдайдан нақтылы түсініктеме алып, қайсыбір сұранымдарының шешімін де тапқан ауылдастар өте риза боп қалды. Әсіресе, еңбек жолын осы жерден бастап отырғандардың біразын түстеп таныған аудан әкімі мен прокурордың жауаптары, көмек-қолдау уәделері көпшілік көңілінен шықса керек. Қызығы мұнда тәртіп бұзушылық жоқтың қасы. Сөйте тұра учаскелік инспектор да жоқ. Сонда қалай? Мұнда жастардан жасақталған сарбаздар әр кеш кезекке шығады.

Кейіннен жеке тақырып боп, Қалиев қойған көл мәселесі бөлек талқыланды. Бұл жерде бәрі болып ауыл әкімінің ұсынысын қоштады. Тек, аудан прокуроры Берік Ахметовтың заң әріптерімен тастай түйіндеген ескертпелерін қатал сақтауды қосып алды. Сөйтіп, атын ұстанып, байлығынан тыс қалған балықтыкөлдіктер әзірше мәселенің үтіріне де жете алмай көп нүктемен отыр. Әлгі, поезд өтіп кетті күйде.

Бұл күндері "Мерей" ұжымы егісті сапалы аяқтап, шөпке де кірісіп кетті. Ауылдастар көңілі көтеріңкі, мерейі биік. Өйткені Балықтыкөлдің қайта түлеуі дем беріп, аруақтар ризашылығына бөленуде.

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**"Мерей" ШҚ**
**Балықтыкөл ауылы.**

